



# ШАҲНАМА


92005  
1136




# РУСТЕМ-ДАСТАН









# ШАИНАМА

## Рұстем-Дастан



## Тұрмамбет ІЗТІЛЕУҰЛЫ

# Рустем-Дастан

(Фердауси «Шаһнамасының» желісімен  
жазылған қаһармандық жыр)

## Екінші кітап



## Жазушы баспасы

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінің  
багдарламасы бойынша шыгарылып отыр.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Ә. Асқаров, А. Алматов (жсауапты шыгарушы),  
Р. Бердібаев, И. Жеменей, Т. Қоңыратбаев, Е. Раушанов

Бұл басылымды безендіруге көне парсы  
қолжазбаларындағы минаиатюралар пайдаланылды

Ізтілеуұлы Т.

I 44 Рұстем — Дастан (Фердауси «Шаһнамасының» желісімен  
жазылған қаһармандық жыр). Екінші кітап: Алматы.— Жазушы,  
2004.— 328 бет.

ISBN 9965-701-68-7 (Т.2)

ISBN 9965-701-66-0

Ұлы шайыр Тұрмажамбет Ізтілеуұлы Фердауси қаламынан туған  
ұланғайыр шығарма желісімен жылғаған осынау шын мәнісінде  
ражайып туынды марқұм Мардан Байділдаевтың әзірлеуінде 1961 жылы  
«Рұстем — Дастан» деген атпен кітап бол шығып еді. Ол қырық мың жолдық  
қыруар дүниенің бір үзігі ғана екен. Кенес заманында қаһармандық эпопеяның  
бірінші бөлігі баспа жүзін көрмей келгені белгілі. Тұлғалы жырды тұтас  
калпында жариялау сәті енді, яғни арада жетпіс жылдай уақыт өткен соң  
барып түсіп отыр. Дастан қолжазбасы М. Байділдаевтың жеке мұрағатынан  
алынды.

Бірінші кітабы осы уақытқа дейін баспа жүзін көрмеген нұсқасын  
және 1961 жылғы басылымындағы Зал батыр туралы тараудан бастап,  
Қызырау-намага дейінгі кезеңді камтиды. Екінші кітабы негізінен бұған дейін  
жарияланған нұсқасынан түзілген.

I 4604000000-087  
402(05)-04 құлактандырусыз — 2004

ББК 82.3 Қаз


ISBN 9965-701-68-7 (Т.2)

ISBN 9965-701-66-0

© «Жазушы» баспасы, 2004



# شاعر میر جوہر




Әбілқасым ФЕРДАУСИ  
(934–1020)

Дүние бітпей өлмейтін  
Мен – жаһаның бұлбұлы.  
Менен қалған «Шаһнама»—  
Хош іісті сөз гүлі...

Бұл қазына – әлемдік,  
Махмұд үшін ашпадым.  
Қалды асыл артымда,  
Адам үшін тастадым.

# شەھىنەمەرىخىن "شەھىنەمەرىخىن"



Тұрмагамбет ІЗТІЛЕУҰЛЫ  
(1882–1939)

Тоқтатты Тұрмагамбет келген ойды,  
Соңына «Шаһнаманың» қолын қойды.  
Балаша бағып-қағып, бабын тауып,  
Өсірдім сүйріктей қып сұлу бойлы...

Дүниеден өмір бітіп, өтсем де өзім,  
Аралап жердің жүзін жүрер сөзім.  
«Көре алмай кейінгін кеттім-ау!»— деп,  
Арманда болмай-ақ кой, екі көзім.

## ҚЫСЫРАУ-НAMA

### (64 жыл патшалық етеді)

Қосылып Пәрәнменен барды койға,  
«Құдайым қыл,— деп,— аман, абыройда».  
Толғатып барған замат туда қойды,  
Баланың бітіп күні жүрген бойда.

Куанып тірілгендей өлген ері,  
Көркейді көнілінің тарқап шері.  
Тарықпай тамак, киім, жатар жайдан,  
Талабы тағы-дағы басты ілгери.

Он шақты келгеннен соң бала жаска,  
Қамқоршы бола берді ауылдасқа.  
«Білінбей болат кездік жатпас қапта»,  
Басшылық балаларға етті басқа.

Кей-Қысырау айтқанындай болды аты,  
Ұксады Саяуышқа түр-түрпаты.  
«Көрейін, келіп мұнда кетсін» деген  
Жіберген Апрасияптың барды хаты.

Жүрген соң атасынан қорлық шеге,  
«Баламды шақыртты,— деп,— тағы неге?»  
Тітіреп тұла бойы қорықканнан,  
Пәрәнгіз коя берді жасын төге.

Балаға Пәрәң айтты:— Барсаң онда,  
Сөйлей бер сүйкімсіз сөз, жарым бол да.  
«Болмас деп мынау адам мың жылда да»,  
Куалап жібереді, балап қорға.

Сейлесен сүйкімді етіп сөзді наштап,  
Жақтырмай, «жауласар деп жүртты бастап»,  
Тұрғызбай орыныннан, өлтіреді,  
Басынды қылышпенен қағып тастап!

— Болад,— деп,— бұл айтқаның,— бала барды,  
Кұлықпен колға қобыз ала барды.  
Айтқаның Апрасияптың елең қылмай,  
Жан-жакқа жын үрғандай каранады.

Жек көріп, «кет әрі» деп қуалады,  
Кей-Қысырау қуғанына қуанады.  
Қайтып кеп аман-есен, ана сонда  
Алғысын беріп ұлға, уанады.

Он екі Кей-Қысырау келіп жаска,  
Ерліктен ойламады ойды басқа.  
Қайратын канасына сыйғыза алмай,  
Боп жүрді ұрынғандай тау мен тасқа.

Жіберді Кей-Қауыска сәлем жолдан:  
«Жатпа,— деп,— жапалақша басты қорғап.  
Баланың Апрасияп басын кесіп,  
Тастады құр далаға, көмбей, қорлап.

Мен туған Саяуыштан немере едім,  
Өзіндей аскар таудың кемері едім.  
Жіберіп көп әскерді, көмек берсөн,  
Ұрысып Апрасияпты женер едім!»

Бұл сәлем барғанан соң жылады аңырап:  
«Қайда,— деп,— Саяуыштай туған санлак?!»  
Есітіп Рұстемнің де іші күйді,  
Желдетіп жер сияқты тартқан шандак:

— Сұмдық,— деп сұтып жүз,— бұл қалайша?  
Болмас,— деп,— отыруға енді жайша.—

Систанның шаһарынан шыкты ертен,  
Түтеген тұмандың күні мен айша.

Сонына он мың адам ертіп алып,  
Өлтірмек Кей-Қауысты болды барып.  
Есітіп осылай деп келатқанын,  
Қысылып, бір куарып, бір қызарып,  
Ойлады: «Қалады,— деп,— қайткенде жан»,  
Жүргегі жүйіткіді құскандай кан.  
Қорықканнан карсы шығып, отыра алмай,  
Иді бас: «Өзің біл,— деп,— ей, палуан».

Тұрған соң қол қусырып, басын иіп,  
Іззадан келгенненен іші күйіп,  
Болған соң түбі бірге, таппады лаж  
Тастауға тағы-дағы басын қыып.

Тұрғанда үлкен-кіші келіп тегіс,  
Былайша Кей-Қауыска берді сөгіс:  
— Қатынның қарары жоқ тіліне ерген  
Кем ойлы көргенім жоқ сендей кеміс.

Кайтейін өз қолымды өзім кесіп,  
Қатаңды Құдай үшін өттім кешіп,—  
Деді де, көріспестен кетіп қалып,  
Отырды бір биікке белді шешіп.

Кей-Қауыс кейінінен келіп жана:  
— Өтініш, отырма,— деп,— жерде дала!  
Міндіріп Рахышқа Рұстемді,  
Көп болып келе жатты ортаға ала.

Судаба сәлем қыла карсы келді,  
— Сарсылтқан сайқал ен,— деп,— осынша елді,—  
Еңкейіп ат үстінен көтеріп ап,—  
Құдайым,— деп,— кай жақтан қолға берді?—

Алдына алақтатып алып тұрды,  
Киянат қылғаннан соң осы түрлі.  
Шыдамай суыруға қылышын да,  
Жалма-жан жұдырықпен желкеге үрды.

Қырық кадам басы оның жерге ұшты,  
Батырдың болғаннан соң колы құшті.  
Кеудесін Кей-Қауыска лактырды:  
— Құшактап жүр,— деп,— мұны,— бұзып түсті.  
Сүп-сүр боп Кей-Қауыстың кетті түсі,  
Орынсыз болғаннан соң ұят ісі.  
«Сөйлесем, өзімді де өлтірер» деп,  
Үндемей, қалды коркып, құрып пысы.

Отырып онан кейін, аттан түсіп,  
Тынығып, тамактанаң, шарап ішіп,  
Алдырып Піраміріз бен Жаһанғірді,  
Қолдарын былай деді енді қысып:

— Алла,— деп,— аттанайық, балаларым,  
Алайық Апрасияптың қалаларын.  
Соғысып, Саяуыштың қанын алмай,  
Жазылмас жауырындағы жараларым.

Қарасып бір-біріне мойнын бұрып,  
Жорыққа буып белді, сапка тұрып,  
Рұстемнің осы айтқанын орындауға,  
Халыққа хабар берді қонырау үрып.

Аттанып қосын жинап осы жерден,  
Шетіне Түркістанның жақын келген.  
Есітіп Апрасияп, баласына:  
— Соғыс,— деп саны қырық мың әскер берген.

Олар кеп осылардын қатарына  
Қонды да, қылды жабдық жатарына.  
Ішті де ас-суларын, үйкітап калды,  
«Қарар,— деп,— калай да тан атарына».

Үйкіга олар тегіс барған заман,  
«Екен,— деп,— есі жарым, ылғи жаман,—  
Қойды ат котарыла тұнде бұлар,—  
Болмас,— деп,— коюымыз енді аман!»

Қырық мыңның қойдай қылып қырды бәрін,  
Қойсын ба косылған соң өншең нарын.  
Бақыртып баласын да ұстап алып,  
Өлтіріп, орындағы намыс, арын.

Есітіп Апрасияп жұлып шашын,  
Шыдамай, тау мен таска ұрды басын.  
Ізіне ертіп екі жұз мың әскер,  
Шандатып Түркістанның кен даласын,

Келді де ат ойнатып, кірді майдан,  
Ұмтылып Рұстем де анадайдан,  
Белбеуден бара сала бұрап ұстап:  
— Берді,— деп,— сені Құдай колға қайдан?—

Аспанға көтеріп ед атайын деп,  
Таска ұрып, тамашаға батайын деп,  
Белбеуін, оны сезіп, үзе салып,  
Құлады: «Жер бауырлап жатайын»,— деп.

Жан тәтті, жату қайда? Тұра қашты,  
«Ұстар,— деп,— жетіп және», жаман састы.  
«Таптырмай көп ішіне кетейін»,— деп,  
Әскерге алдындағы араласты.

Әскері Апрасияпты ала қашты,  
Ілесе ирандар да араласты.  
Қылышын қышырлатып батырлар жүр,  
Киғандай курап түрған қара ағашты.

Жеті күн қашты тұран, құды иран,  
Онан соң аттың басын кейін бүрған.  
Шаһарына Кей-Қауыстың келді олар,  
Қайтқандай қуанысып құрмет, сыйдан.

Кенесіп келгеннен соң өншең ойлы,  
Бірігіп пәтуаны бұған қойды:  
Тұсіріп Кей-Қауысты патшалықтан,  
Бермекші Кей-Қысырауға абыройды.

Баруға бірак оған жан батпады,  
Бәрі де корқып жаннан, жалтақтады.  
Бармауга Рұстемнен және корқып,  
Ерлердің енді басы қалтактады.

— Болмас,— деп ең сонында салысты шек,  
Шек шықкан қылды уәде қакпауға иек.  
Киоге бару шегі шыққаннан соң,  
Бәрі де болып риза, көрмеді жек.

Тұранға тәуекел деп Кию барды,  
Кешікпей Кей-Қысырауды тауып алды.  
Сәлемін Рұстемнің айтқаннан соң,  
Жұруге түгелінен даярланды.

Есітіп кететінін келіп Пәрән,  
«Кетпе,— деп,— етегінен алды,— балам».  
Кесіп ап Кию оның құлак, мұрның,  
Қылмақшы ед қанын төгіп, күнін қаран.

Кей-Қысырау тілеп алып оны зорға,  
— Кет,— деді,— күнілгері шаппай шорға.—

Қайталап карамастан қашты Пәрән,  
Босанған бозторғайдай түсіп торға.

Өздері ол кеткеннен атқа мініп,  
Калдырмай каруларын бойына іліп:  
— Ертерек елімізге жетейік,— деп,  
Аттанды ұйыктамастан, сұыт жүріп.

Кез келді бір дарияға келе жатып,  
Өте алмай тұрғанында басы катып,  
Артынан Апрасияп қуып жетті,  
Қылышын қолына алып жарқылдатып.

Дарияға, «тәуекел!» деп, бұлар түсті,  
Оп-онай тағдыр өзі онғарса істі.  
Ар жаққа сау-саламат шыға келді,  
Қамалып қалды олар қайрап тісті.

Рұstem көп кешікпей келді Залға,  
Олардың біреуі — төс, бірі — балға.  
Той қылып таққа отыртып Кей-Қысырауды,  
«Ашсын,— деп бата берді,— бақтынды Алла».

Патшалық Пәрәнгізді койды жайға,  
Отырды он төртінші үқсанпайға.  
Киүге Иран елі риза болып,  
Еретін болды ізіне барса қайда.

Әтуре боп Апрасияп қайтып барды:  
— Кетті,— деп,— Кию алып намыс, арды.  
Әртүрлі, отыра алмай, ойға қалып,  
Жүргенде айдалада айтып зарды,

Батырға Барзу деген түсіп көзі,  
Жан емес бұл жаһанда айтарға өзі,  
«Осыны өзіме үйір етіп алсам,—  
Ойланып,— болмас ед,— деп,— жаудың сөзі»,

Сол жерге сылтаурып түсіп аттан,  
Қондырып қос, құралын пілдерге артқан,  
Тіктіріп шатыр-шайла шаһыналық,  
Әртүрлі, есітсін деп, ән-күй тартқан.

Отырды Барзу тындал, салып құлак,  
Қолымен карнын сипап, төсін сылап.  
Ән-күйге құмарынын бар екенін  
Анғарып Апрасияп сырттан сынап,

Жіберді шақырттыра бір адамды,  
Барды да ол көлденендең тұра қалды.  
«Жұр-жұр» деп жеделдете бергеннен соң,  
Борықтай мойнын үзіп, бұрап алды.

Алыска, ашуланып, атты басын:  
— Бар ма ед,— деп,— мазамды алып, менде қасың?—  
Қарқылдал қарға-құзғын түс-түсынан,  
Ұшып кеп камады оның айналасын.

Онысын көре сала Пәрән келіп,  
Иіліп ізетпенен сәлем беріп:  
— Өлсе, өлсін, ақылы жоқ ақымақ еді,  
Жүрініз,— деді,— батыр, маган еріп.

Келген соң Пәрәнменен Барзу еріп,  
Бәрі де түрегелді қойдай өріп,  
Алдымен Апрасияп алып қолын,  
Отыртып, тақ үстінен орын беріп.

Отырып қол қусырып өзі төмен:  
— Патшамын,— деді,— ираннан қайғы жеген.  
Өзінде осы ретте ұшырасып,  
Тигендей болып отыр көкке тәбем.

Баяндап барлығын да бастан-аяк,

Өтініп отырған сон иегін таяп:

— Уайым, олай болса, енді етпе,— деп,  
Барзу да шын көnlімен кетті аяп.

Куанып Апрасияп, еркін берді,  
Бас болып Барзуға енді өзі ерді.  
Ту алып, тұлпар мініп, тынбай жүріп,  
Иранмен ұрысуға олар келді.

Есітіп Кей-Қысырау бұл хабарды,  
Бәрін де өскерінің жинап алды.

«Бір батыр Барзу деген келіпті» деп,  
Жұртына жаткан жалпы жаршы салды.

Ерте-кеш Иран елі жиылысты,  
«Көрмесек болар ед,— деп,— қыын істі».  
Барзудың батыр деген атағынан  
Қаюіп етіп, Қадір Хаққа сыйынысты.

Сап тартып иран, тұран карсыласты,  
Тенесіп ат бастарын, қамшыласты.  
Тұраннан түгін шанышп Барзу шығып:  
— Қалай,— деп,— жағдайларын?— өл сұрасты.

Ираннан Кей-Қауыс пен Тус шықты,  
Шыққанмен, екеуін де ұрып жықты.  
Апарып Апрасияпка тапсырды да:  
— Бар ма,— деп тұрып алды,— мұнан мыкты?  
Баруға Барзуға енді батпады жан,  
«Қор болып қолында оның құсам,— деп,— қан».  
Иранның ерлерінің құты кашып,  
Тұрандар куанысты шапаттап сан.

Шыдамай, шықпаған сон, жалғыз өзі  
Ат койды, көрер емес жанды көзі.  
Өлтіріп мың адамды, мазак қылып,  
Толықсып, толып жатыр айткан сөзі.

Алдырып Кей-Қысырау Рұstemді:  
— Көрінеді,— деді,— мынау өте демді.  
Баратын бұған батыр бір адам жок,  
Шарасын ойланбасан өзің енді.

Рұstemнің ен сонында өзі барды,  
Барғаннан қаһарланып, көз қызарды.  
— Кімсін,— деп,— аты-жөнін?— сұрап еді,  
Толқындай түйліге кеп сокқан жарды.  
— Жөнімді қайтесін,— дед,— менін сұрап,  
Қаласын гүрзімменен ұрсам құлап.  
Арынды ал, әлін келсе, атымды кой,  
Майданда мың адамың жатыр сұлап.

Тусты Кей-Қауыс пен койдым байлад,  
Оларға өзінді де барам айдал.  
Көрген сон бір-бірінді өлмей тірі,  
Үшеуін отырарсын алақайлад.

Гүрзімен үш қайтара өзінді ұрам,  
Ер болсан, деме оныннан мойным бұрам.  
Кезегім үш қайыра біткеннен сон,  
Өзіне рет беріп мен де тұрам.

— Макұл,— деп калкан тұтып тұрды Рұstem,  
Тұрі жок жан қалатын ол жүрістен.  
Ұрғанда бір-ақ рет қарайып көз,  
Жиырылып жұмыртқадай жер бүріскең.

Рахыш тізесінен батып кетті,  
Гүрзіден иініне ердің закым жетті.

Өз бойын өзі билеп ала алмады,  
Үстінен қаптатқандай калың өртті.

«Енді үрса, өлем гой» деп қалып ойға:  
– Жібер,— дед,— кезегінді бүгін қой да.  
Ұарсың ертенгі күн енді екеуін,  
Күшінді кідірте тұр сактап бойға.

Атым да аш, көптен бері өзім де ашпын,  
Осы айтқан уәдемді жаңылмаспын.  
– Келе ғой,— деді,— онда ас-су ішіп,  
Қоймаспын қылғанынмен камын бастын.

Рұстем Кей-Қысырауға келді қайтып,  
Барзудың бұлайынша күшін айтЫП:  
– Иінімді болар еді жазып алсам,—  
Қыламын оған кару енді қайтіп?

Отырмын өлем гой деп қайтып барсам,  
Иінімді болар еді жазып алсам!—  
Деген сон үлкен-кіші ойға қалып,  
Болысты божырасып әуре-сарсан.

Піраміріз деді:— Онда мен барайын,  
Алысып өл-шамамды анғарайын.  
Гүрзісі онын өте ауыр болса,  
Күшырлы ат, қалың қалқан камданайын.

Рұстем деді:— Балам, кетпе күйіп,  
Берік бол, сайманыңың бәрін киіп.  
Мен болып Рахышка мін-дағы, бар  
Бетінे танымайтын перде киіп.

Найзасын тұрды Барзу жерге тіреп,  
Шалқайып үзенгіге аяқ шіреп.  
Рахышпен Піраміріз де жетіп барды,  
Шыдамай шіренгенте қайнап жүрек.

– Бетінے киіп келдің қалай перде?  
Күшінді көрсетпейсін неге сен де?  
Емессін, асылында, сен Рұстем,  
Өтірік үнай ма екен,— деді,— ерге?  
– Көзіме шан, топырак түсед,— деді,—  
Осындей біздің елдің ісі ед,— деді.—  
Атым мен киімінді көрмейсін бе?  
Бұл келген Рұстемдей кісі ед,— деді.

Сөзіне осы айтқан Барзу нанды,  
Қолына, «ал онда» деп, шоқларды алды.  
– Кешегі кезегінді алайын,— деп,  
Кеуделеп қарсы алдына келіп қалды.

Піраміріз басына ұстап тұрды қалкан,  
Қауіп етіп қыла ма деп талқан-талқан.  
Екі үрған гүрзіден де аман қалып,  
Болғандай болды өлімнен басы дарқан.

Ұрысып осылайша кешке дейін,  
«Келсе әлім,— деген оймен,— көлбетейін»,  
Бірі үрғып, бірі тұрып, жеңісі алмай,  
Күн бата қостарына қайтыы кейін.

Екі әскер ертеніне араласты,  
Бір-бірін шауып, шашып, жараласты.  
Тұраннан жеті палуан қолға түсіп,  
Бақ ауып бастарынан, қара басты.

Жауынгер жетеуі де әскер басы,  
Қашаннан Кей-Қысыраудың болған қасы.  
Піраміріз бәрін байлап бергеннен сон,  
Он есе болды оған ықыласы.

Қалған сон басшылары болып мұндаі,  
«Кетті,— деп көзі алактап,— енді ынгай,—  
Божырап, бойларынан қуат қашып,—  
«Қоймас,— деп кауіп қылып,— бұлар қырмай»,  
Тұра алмай, ту жығылып, қашты тұран,  
Оларды Піраміріз койдай қуған.  
Қасқырдай кан жалаған қайтып келді,  
Асырып неше өзен, неше қырдан.

Шайдага Апрасияп деді:— Балам,  
Иранға бұл ретте болдық талан.  
Олармен ерекісеге берсек енді,  
Күніміз бұдан жаман болар каран.

Босатып тұтқындарын түскен колға,  
Баламай біреуін де оның корға,  
Құрметтеп, тамақ беріп, кийніріп,  
Міндіріп бедеу тұлпар, жүйрік-жорға,  
Апарып Кей-Қызырауға тапсыр өзін,  
Болмасын бас июден басқа сөзін.  
Сыйға сый қайткенменен болмай калмас,  
Құрметтін оның-дағы көрер көзін.

Тұтқынды колындағы ол да берер,  
Бәрі де босанған сон ізінде ерер.  
Аман-сан адамдарын апарған сон,  
Ұнатып өзінді де жаксы көрер.

Тус пен Кей-Қауысты барды алып,  
Астына калың қылып мамық салып.  
«Екеуі қандай күйде қалды екен?»— деп,  
Кей-Қызырау отыр екен өте налып.

Шайданың болып риза барғанына,  
Сыйлау қып салды гауһар, маржаның да.  
Босатып тұтқындағы тұрандарын,  
Жеткізді ойындағы арманына.

Олжалы оларды ертіп келді Шайда,  
Абырой әркімге де үлкен пайда.  
Емдегіп жараларын әскерінін,  
Жеті күн екі патша тұрды жайға.

Күнінде сегізінші козғалысты,  
Сайманың соғысудың колға алысты.  
Болған сон ту тігіліп, түзеліп сап,  
Барзудай шығарды олар жолбарысты.

Барзуға бара алмады ешкім батып,  
Баста күш көрсеткен сон танырқатып.  
Шыдамай шыңжыр катар шын баһадүр,  
Піраміріз шыға келді ат ойнатып.

Алысты атты байлап екі арыстан,  
Көргендегер құштеріне тан қалысқан.  
Күресіп күні бойы жығыса алмай,  
Демігіл, дем ала алмай, дағдарысқан.

Қаккан сон қайту үшін кешке дабыл,  
Алуға қайтысты енді үйыктап дамыл.  
Піраміріз түніменен дөнбекшіді,  
«Еткей,— деп,— тілегімді Тәнірім қабыл!»

Піраміріз ертеннемен тағы шыкты,  
«Қайткенде аламын,— деп,— ар мен дықты».  
Барзудың Пірамірізбен болмады ісі,  
Көніліне көргендіктен өзін мықты.

Барзуға байқаусызыда бұғау атты,  
Атын да атқан бұғау коса шатты.

«Жар бол,— деп,— Жаппар Алла», Піраміріз  
Басына ердің орап тартты катты.

Жалма-жан ала сала тіктең бойын,  
Шалқа берген кезде толғап мойын,  
Аяғын алдыңдағы апанға ұрып,  
Барзудың төкті аты абырайын.

Күлады омақата Барзу жерге,  
Бұғаудан босана алмай тұсті терге.  
Тұс кетіп тұрандардан төмен қарап,  
Шыққанда қуанды иран ойдан өрге.

Тоғыз жұз батпан еді тұскен бұғау,  
Аз емес, андағанға ауыр жүк-ау.  
«Ерді ер корламайды» дегендей-ак,  
«Болмас,— деп аттан тұсіп,— енді нығау»

Барзудың Піраміріз қолын байлап,  
Қосына қойдай қағып келді айдал.  
Бүркіттей бүкке ұрып болған майып,  
Отырды жанған шоктай көзі жайнап.

Рұстем бата берді қолын жайып:  
«Ей, балам, бак-дәүлетке өт,— деп,— байып».  
Барабар бойыменен алтын беріп,  
Кей-Қысырау көрсетті орын тактан тайып.

— Күлдүк,— деп,— құрметіңе,— таққа мінді,  
Халық біткен «алакайлап» шығарды ұнді.  
Атадан алып бата, патшадан сый,  
Қуантып көпті мұндан көнілі тынды.

Жабыла гауһар, дүрді жатыр шашып,  
«Бердін,— деп,— жолбарыстан жолды ашип».  
— Болсын,— деп,— алған бәйгің, батыр, құтты!  
Білгенін айтты бәрі анталасып.

— Барзуды,— деді Рұстем,— мен бағайын,  
Өзіме үйір етіп камданайын.  
Ұл қылып өмірімше, өз қолыммен  
Қосайын бір сұлудын күн мен айын.

— Шығарма,— Кей-Қысырау да деді,— колдан,  
Бұл болар түпкілікті бізге корған.  
Адамы Апрасияптын алып кетер,  
Сақ болып сактансасан, сырттан торған.

Байлатып аяқ-қолын шынжырменен,  
Арбаға отырғызып гүлдірлекен,  
Піраміріз он мың адам күзетшімен,  
Алды ертіп төрт палуан «бұл бір» деген.

Жеті мың осы шынжыр батпан еді,  
Білуге ел таразыға тартқан еді.  
Тай, тайлақ көтермейтін болғаннан соң,  
Нарларға наркы қымбат артқан еді.

Систаннын шаһарына тартты күн-тұн,  
Айттырып ән мен өлең дүркін-дүркін.  
Барзуды баптап бағып бәйгі атындей,  
Сәскеде сау-саламат жетті бір күн.

Систанда зындан бар ед салған тастан,  
Жатыр ед онда көп ер көнілі тасқан.  
Олардың ортасына отырғызды  
Барзудай аждаһаны аузын ашқан.

Бар еді Рұстемнің бір шорысы,  
Онысыз оң болмайтын ер конысы.  
— Келгенше құтін болып батыр мұнда,—  
Деп кілтті тапсырды оған,— сен қорышы.

Күләндам ол сұлудың еді аты,  
Артық еді қатарынан парасаты.  
— Тәуекел, бағайын,— деп белін буды,—  
Болар,— деп,— бейнеттің бір ракаты.  
Кеткен сон Барзу палуан түсіп колға,

Батқандай Апрасияп терен орга,  
Адамдай ауру болған жатып алды,  
Ас пен су тамағынан өтіп зорға.

Деді:— Іқпал,— Пәрән келіп,— бізден тайды,  
Уақытсыз батыргандай Тәнірім айды.  
«Елің тап есін барда» дегендей-ак,  
Кашайық тастайық та қос пен жайды.

— Дұрыс,— деп түн ішінде қашты тұран,  
Болған сон басқа тарлық құні туған.  
Кей-Қысырау Рұстем мен түрегелсе,  
Адам жоқ, қос пенен жұқ жатыр буған.

Бір жан жоқ байқап көрсө қостарында,  
Шашылып жатыр заттар босқанында.  
— Ас-суын алындар,— деп айқайлады,—  
Жауларын кетіпти,— деп,— бас камында.

Кол қойды иран тұра қостарына,  
Куанып, күлісіп жұр босқанына.  
Қашумен Апрасияп Бәдәр барып,  
Шыққандай болды дүние бостанына.  
— Не жатыс,— Кей-Қысырау деді,— бізге,  
Жау кетті жан сауғалап түскен ізге.  
Апарып Ыстақырға Рұстемді,  
Жазайық інін,— деді,— емдел біз де.

Қашпасын оған дейін Барзу үйден,  
Ол — олжа өмір серік колға тиген.  
Бір тобын жау артынан барындар,— деп,  
Арттырып қос-құралын, тәжін киген.

Кей-Қысырау Ыстақырға құрып тақтын,  
Шүкір боп дәүлетіне берген Ҳақтын,  
Емдетіп Рұстемнің інін жазып,  
Ішіне шатыр тігіп қойды бақтын.

Бәдәрда Апрасияп тұра алмады,  
Салтанат бұрынғыдай құра алмады.  
Ұрынып онан кетіп судан суға,  
Аштықтан өскерлері бұрандады.

Шаһарына ен шеттегі жетіп зорға,  
Куанды түспегендей казған орга.  
Бергізіп өскеріне үш күн тамак,  
Отыр ед ойнап-құліп, тігіп орда.

Бір катын ұзын бойлы, орта жаста,  
«Сұлу жоқ,— дейтін көрген,— мұнан басқа»,  
Келді де жасын төгіп ойбай салып,  
Жұлуға екі қолын салды шашқа.

Деп айтты:— Менде нендей бар ед қасын?  
Сұхрап еді өмірлік жар жолдасым.  
Оны алдап Рұстеммен ұрыстырып,  
Жардырып бүйірінен, жойдың басын.

Барзу ед калған түқ өндай ерден,  
Ерте-кеш құлыным ед ізіме ерген.  
Кәнеки, есітейін, айтшы,— деді,—  
Жауға оны себебің не ұстал берген?

Білмеуші ед баста кімнен туғанын да,  
Жұр еді құр балалық думанында.

Рұстем тағы оның кессе басын,  
Калдым ғой кара ағаштай қурадым да!—

Зар еніреп Апрасияп онан бетер:  
— Барзудың,— деді,— дағы маған да өтер.  
Тұскенмен жау қолына, бағулы түр,  
Босатпа өз-өзінді, ексіп бекер.

Олтірмес оны Рұстем көзі қылп,  
Көзінің, қолынды бер, жасын тыйып.  
Бұл күнде Кей-Қысыраудың колында,— деп,  
Койдырыды зорға ойбайын, басын иіп.

— Емес,— деп,— Барзу барған шаһар алыс,  
Көп берді гауһарларды,— ет,— деп,— қарыж.  
Өзім де ертелі-кеш тілектеспін,  
Етпе,— деп өтінді енді,— бекер налыс.

Шаһыраудың мұны есітіп көнілі тынды,  
Барудың Кей-Қысырауға қамын қылды.  
Қосылып керуенмен бара жаткан,  
Шаһарына Істакырдың келіп кірді.

Отырды акша төлеп бір сарайда,  
Сабыры Шаһыраудың бар қалайда.  
Мойнына қолын асып, халық аралап,  
Рұстем кезіп жүр ед ол манайда.

Шаһыраудың Рұстемге көзі түсті,  
Есітті бастан-аяқ болған істі.

— Мұнда емес, Барзу Систан қаласында,—  
Деген сон, керуенге еріп жолға түсті.

Систанды кеп Шаһырау аралады,  
— Кім бар,— деп,— көз көргеннен?— қаранады.  
«Саламат Барзу жатыр» дегеннен сон,  
Көнілі өсіп, тоты құстай таранады.

Отыр ед Бәһрам деген гауһар сатып,  
Бәрін де жұртқа жайып жарқыратып.  
Шаһырау көп гауһарды қалтасынан  
Алды да, алдына оның таstadtы атып.

Бәһрам көрді-дағы қолына алды.  
«Еken,— деп,— нендей гауһар?», көзін салды.  
Караса, қымбат баға пүл жетпейтін,  
Адасып ақылынан, аң-тан қалды.

— Бұларды алдын,— деді,— тауып қайдан?  
Таптырмас бәрі де асыл ешбір байдан.  
Әйелсің, асылында, мен көрмеген,  
Айтып бер, келіп тұрсын қайсы жайдан?

Шаһырау:— Менің жайым Әмәл,— деді,—  
Көп емес, шамалы ғой бұ мал,— деді.—  
Малымның қанша екенін көрсетермін,  
Тұра түр таңданбай-ак бұған,— деді.—

Саудагер жаһан кезген бар ед байым,  
Керегін ететүғын елдін дайын.  
Румның шаһарынан келатканда,  
Тенізде толқын алып, жұтты жайын.

Өлімге бергеннен сон ондай ерді,  
Боп қалды көкірегім менің шерлі.  
Қайғымды кара бұлтттай таркатпакқа,  
Мұнлымын кезіп жүрген әртүрлі елді.

Ерімнен есебі жок қалған пулдың,  
Таусылмас жұмсауына мендей тұлдың.  
Өзіме жетерлік қып алдым-дағы,  
Өзгесін үй-мұлкімнің талақ қылды.

— Конак бол,— деді,— онда біздін үйге,  
Кайғымен түсіп жүрсөн ондай қүйге.

Алдында ән мен өлең айттырайын,  
Шер шығар сол ән-күйді тыңдалап сүй де.

— Болад,— деп Бәһрамға келді еріп,  
Сыйлады Шаһырауды ас-су беріп.  
Барзуды бағып тұрған Құләндамды  
Қасына отырғызыды әкелдіріп.

Құләндам ән мен қүйге асқан еді,  
Талайдың қүймен көнілін ашқан еді.

— Ері өліп, осы әйел қүйікті екен  
Ал, енді, ән-күйінді баста,— деді.

Құбылтып тоқсан түрлі тартты қүйді,  
Әнменен айтып өлең, құнірентті үйді.  
Ән-күйге аузы анқайып Шаһыраудың,  
Шымырлап шыныменен бойы иді.

Колына жарқыратып жүзік салған,  
Барзудан ол жүзікті еді алған.  
Көрген сон көзі оны тани кетіп,  
Шаһырау сол арада естен танған.

Білдірмей жылағаның бірак неге,  
Көнілінде көп болған сон сабыр шеге:

— Ойына өткен дәуірі түседі-ау,— деп,  
Жылады бәрі де аяп, жасты төге.

Құләндам қүй тартқан сон, болды кетпек,  
Барзуды бар жұмысы жайын етпек.

Жүзітін колындағы берді Шаһырау:

— Шырағым, сыйлауым бұл, салып кет,— деп.

Барған сон, Барзу айтты:— Келдін қайдан?

Тұруши ең хабар алып біздің жайдан.

Кешігіп құндеғіннен келіп тұрсын,

Тапырлап тай сиякты таска тайған.

— Бәһрамға шақырған сон барып келдім,  
Үйіне оның қонған катын көрдім.

Тені жок сұлулықта, сұнғақ бойлы,

Өзі бай, адамы емес осы жердін.

Ері оның өткен кезде өлген екен,  
Жасынан жесірлікті көрген екен.

Жер көріп көніл шерін тарқатпакқа,

Систаның шаһарына келген екен,

Әртүрлі тарттырып қүй, ән салдырды,  
Күйлерім тартқан оны тамсандырды.

Сыйлауғып танқаларлық берді жүзік,

Құр кайтқан жоқпын беріп қүй мен жырды.

— Жүзігін көне,— деп ед, берді қолға,  
Ойылған Шаһыраудың аты онда.

Көргеннен есі ауып, талып түсті,

Құлаған құба нардай түсіп орға.

Бетіне басын сүйеп, шашты гүлап\*,

Отырды тұла бойын колмен сылап.

«Ah!» деп ауызынан шығып жалын,

Бір кезде есін жиып, тұрды жылап.

Құләндам деді:— Сенен сураймын сыр,  
Айтсан сен шын сырынды, тұтайдын пір.

Жүзікті колымдағы катын көріп,

Енкілдеп, есін жимай, жылады бір.

Сен-дағы көріп мұны, талып түстін,

Себебін сөйле маган мынау істін.

Қолың бер, кылдым уәде, қай уақытта  
Ішінен шығармасқа отыз тістін.

— Сөйлейін саған онда,— деді,— сырды,  
Сактарсың сыр тып айткан бұл бір жырды.  
Болады жүзік берген менің анам,  
Шаһырау аты оның айдан нұрлы.

Зынданнан шыға қойсам аман-есен,  
Қайын енен қалайда да болар шешем.  
Аламын ақ жарым деп алан болмай,  
Жолығып сол шешеме және келсен.

Күләндам, «барайын» деп, тұрды ұшып,  
Шам сөнді үстінен бір қылау түсіп.  
«Ірим» деп етегінен тартып Барзу,  
Бүгерлеп бауырына алды қысып.

Күләндам күлімсіреп барды қайта,  
— Бір нәрсем қалыпты,— деп сылтау айта.  
Жанына жанай тұрып Шаһыраудың:  
— Келгенім сіздің үшін,— деді,— байка.

Қасына отырғызып Күләндамды,  
Қойды да, құлак салды, жыланғанды.  
— Ал, жаным, олай болса, оналт,— деді,—  
Біздердей белі сынып бұралғанды.

— Зынданда сау-саламат жатыр балан,  
Кеші-күн күтіп, онан хабар алам.  
Көрген сон жүзігінді маған берген,  
«Екен,— деп куанды көп,— менің анам!»

«Қуант» деп кайтарып ед мені мұнда,  
Қызметін орындаимын болса мың да.  
Уқалап аяқ-колын отыратын,  
Баруға бақташымын, асылында.

Шаһырау есіткен сон осы сөзді,  
Қуанып «я, Құдайлап», сүртті көзді.  
Жіберді Қүләндамды:— Құні ертең  
Бәһрамның дүкенінен тап,— деп,— бізді.

Сәлемін Шаһыраудың келді айтып,  
— Болдым,— деп,— баратұғын ертең қайтып,  
Жатқызып жамбасына, «жараисын» деп,  
Батырды «тамашаға» тағы да артық.

Шаһырау үйкестастан, тұннен тұрды,  
Бәһрамның дүкеніне тұра жүрді.  
Алдынан Қүләндам да карсы шығып,  
Ойласып енді екеуі кенес күрды.

Бірталай Бәһрамға жауһар сатты,  
Төрт мыңға төрт наз бедеу алды атты.  
Түгендеп бес қаруын бір адамның,  
Төрт аттың біреуінің үстіне артты.

Аттарды онашаға қойды байлап,  
Беріп жем бәріне де, баптап-жайлап.  
Темірді тартса кесіп түсетүғын  
Күләндам алып барды егеу сайлап.

Егеумен шынжырды етіп бөлек-бөлек,  
Зынданнан Барзу шығып кетті жәнеп.  
Ұшырасып анасымен аман-есен,  
Үшеуі ішіл алды ас-су корек.

Аттанып, түн ішінде сұыт жүрді,  
Аттардың бәрі жүйрік, жарау сүмбі.  
Барзудай бас қосқан сон батырменен,  
Ән салды Қүләндам да неше түрлі.

Он бір күн ұдайына жүрді тынбай,  
Тұранға жетелік деп жатпай-тұрмай.  
Алыстан алдарынан дауыс шығып,  
Доғарып төрт атты да, тұрды тындей.  
Сауығып Рұстем ед кайтқан елге,  
 Тағы да дак түсірген кездесті ерге.  
Көрді де Құләндамды тани сала,  
Ту тігіп, түйіп кабақ шығып өрге:

— Барасын,— Құләндамға деді,— қайда?

Қылармын, қап, сен күнді майда-майда.  
Болыпты қөтеріңкі қекірегін,  
Барзудай тидім ғой деп құшті байға!

Осы ма еткен ісің сенгендері,  
Сакта деп зындан кілтін бергендері?  
Барзудың басын кесіп алғаннан сон,  
Тағдырыдың саған келер сергелдені.

— Көрсет сен,— деді Барзу,— қайратынды,  
Жүресің коримын деп қай қатынды?  
Болған сон маған катын, мың айтқанмен,  
Ол сенің көзіне ілмес айбатынды.

Сейлесіп шәлкем-шалыс, кідіртіп көш,  
Түсіртіп артқандарын, тіктіріп қос:  
— Күшінді көрейін,— деп кіжінісіп,  
Бел буып бір-бірімен болмауға дос,

Екеуі ерегесіп тартып садақ,  
Оқ атты омыраудан көзді қадап.  
Барзудан Рұстемге үш оқ тиіп,  
Жағдайсыз болып қалды жүдеп-жадап.

Оқ тиіп Барзуға да жеті жерден,  
Күш-қайрат қайткенменен кетті ерден.  
Сауыт пен саймандары быт-быт болып,  
Сары ала киімдері болды терден.

— Бес жүзге жетіп еді,— деді,— жасым,  
Күштіні көргенім жок сенен басым.  
Сияғын Сұхраптқа ұсаған сон,  
Ауады әрқашанда ықыласым.

Демеймін Сұхраптан сені өзге,  
Өзісің Сұхраптың қөрер көзге.  
Анықтап аты-жөнінді айтып, жаным,  
Сөйлеши, сабыр етіп, келіп сөзге.—

Еш нәрсе білмеген сон, айта алмады,  
Ашудан қантап келген қайта алмады.  
«Тұрыс жок — ұрыс барда» дегендей-ақ,  
Ат басын Барзу батыр қайтармады.

Болғанмен жолласы жок, жалғыз өзі,  
Шоғындаі сексеуілдің жайнап көзі,  
Ентелеп, екі іінінен алып демін,  
«Бол, ha, бол, батыр болсан!»— айтар сөзі.

Отінді:— Келейін,— деп,— тамақтанып,  
Қолайлы қылыш, қару жаракты алып.  
Қосына сен де барып, түстеніп қайт,  
Шығайық сонысын-ақ талаптанып.

— Ал онда бара ғой,— деп қоя берді,  
Қосына өзі-дағы қайтып келді.

— Бермесе бір Құдайдың өзі жәрдем,—  
Рұстем — корыктым,— деді,— мұнан енді.

Дегенмен: «Олай болса,— бәрі,— бар ма!»  
Жалтактау жараса ма ондай нарға?